

«BILIMNUR» баспа редакциясы

«АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН»

*Республикалық ғылыми практикалық
форумның топтама жинағы*

*Шығармашылық еңбектердің
іс-тәжірибелік жинағы*

«Қаламгер ТЕН» ЖШС

Шымкент, 2020

УДК 821,512.122.0

ББК 83.3

А 13

«АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН» - Республикалық ғылыми практикалық форум топтамасы

А 13 Шығармашылық еңбектердің іс-тәжірибелік жинағы/Редактор Нағиев. І. Б
– Алматы, 2020. – 200 б.

ISBN 978-601-7954-49-9

9 қаңтар 2020 жылы жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын қолдау мақсатында «BILIMNUR» баспа редакциясы шығармашылық материалдардың топтама жинағын баспада әзірлеп, Республика көлемінде таратылымға шығарады.

Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

(9 қаңтар 2020 күні жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласынан)

УДК 821,512.122.0

ББК 83.3

ISBN 978-601-7954-49-9

© Нағиев И.Б., 2020

**«АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН»
Республикалық шығармашылық, ғылыми практикалық форум**

*9 қаңтар 2020 жылы жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын қолдау мақсатында
«BILIMNUR» баспа редакциясы шығармашылық материалдардың топтама жинағын
баспада әзірлеп, Республика көлемінде таратылымға шығарады.*

Шығармашылық бағыты: ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді» деп көрсеткендей, Абайды әр қайталап оқыған сайын, жаңалық ашылатынын талай адам таңғалып мойындаймыз.

Мақсаты: Қазіргі таңда дүниежүзілік білім жүйесі деңгейіне сәйкес келетін, сапалы білім беруге жағдай жасайтын, үйлесімді дамытуға бағытталған білім беру көзделіп отыр.

Білім мекемелерінде үш тілді оқыту жүйесі, бірыңғай мектеп формасы, 12 жылдық білім беру стандарттары тақырыптарын БАҚ беттерінде ұстаз, ата-ана арасында түсіндіріп, пікірлесу қазіргі заман талабы қажет ететін маңыздылығы бар. «Ашықтық қағидаты» шеңберінде білім беру саласының барлық қызметкерлері үнемі құзыреттіліктері мен білімдерін жетілдіріп отырулары заманауи қажеттілік.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды.

Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз.

Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

*(9 қаңтар 2020 күні жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласынан)*

**«АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН»
Республикалық шығармашылық, ғылыми практикалық форум**

Ұйымдастырушы: «BILIMNUR» баспасы, Республикалық 45minut.kz газеті мен Республикалық «Білім жолы Нұрлы жол» журналы редакциясының құрылтайшысы Қаламгер ТЕН ЖШС.

Ақпараттық қолдау: «Матрица» қоғамдық, ақпараттық порталы, Желілік басылым «Kundyz.kz»

Республикалық ұстаздар форумы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының аясында өткізілетін іс-шара болып өтеді. Форум ерекшелігі, ұстаздар бастамасымен әлеуметтік желі арқылы ұйымдастырылып, барлық ұйымдастырылу жұмыстары ұстаздардың қолдауымен жүзеге асырылады.

Форум жұмысында белсенділік танытқан ұстаздар және редакция тарапынан марапатталған ұстаздар арнайы төсбелгілермен марапатталға ұсынылады.

Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметкерлерге және ұстаздарға әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, халықпен тиімді жұмыс жүргізуді тапсырды.

«Ашықтық қағидаты» шеңберінде білім беру саласының барлық қызметкерлері үнемі құзыреттіліктері мен білімдерін жетілдіріп отырулары керек деп есептейміз.

БАҒДАРЛАМА:

- Қатысушыларды тіркеу. Тіркелу <http://www.45minut.biz> сайтында онлайн форманы толтыру арқылы жүзеге асады. Мерзімі: 05.02.2020 — 29.02.2020 жыл.
- Ақпараттық Whatsap топқа қосылу. Топта тақырыпқа сай пікірлесу, ұйымдастыру жұмыстары және топтама жинақтың PDF нұсқасы жарияланып отырады.
- Қорытынды. Республикалық шығармашылық, ғылыми практикалық форум бағдарламасы, қорытындысы жарияланады. Қатысушыларға форум құжаттары жіберіледі. Топтама жинақ Казпочта арқылы таралым жасалады.

НӘТИЖЕСІ:

- «Форум қатысушысы» сертификаты.
- Белсенді қатысушыларға Алғыс хат
- Үздік қатысушыларға Диплом
- Белсенді және Үздік қатысушыларға арнайы төсбелгі марапаты
- Форум топтама жинағы

Республикалық шығармашылық, ғылыми практикалық форумға қатысу ақысыз негізде жүргізіледі.

«КҮЛІМДЕ, НАУРЫЗ КҮЛІМДЕ»

Қызылорда облысы Шиелі ауданы № 50 Абай атындағы
орта мектеп жанындағы интернат тәрбиешісі Токпанбетова Зина

Мақсаты: Оқушылардың Наурыз мерекесі жөніндегі білген, түйгенін одан әрі толықтыра отырып, салт – дәстүрлерді дәріптеуге тәрбиелеу, ауыз әдебиетінің мұраларымен таныстыру. Акт залында Наурыз мейрамына арналған «Жаса, Наурыз, Дәстүрлі» атты кітап көрмесі және қол өнер көрінісі дайындалды.

(Зал наурыз мерекесіне сай безендіріледі, Н.Тілендиевтің «Ата толғауы» күйі ойнатылып тұрады).

1-жүргізуші: Ар ма, ағайын! Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Жер жүзіндегі халықтардың бәрінің де түрлі мейрамдары бар. Шығыс халықтарының сондай ерекше мейрамдарының бірі – Наурыз. 2- жүргізуші: Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа Жыл келеді. Ендеше, той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін!

Той дабылын қағып тұрған

Уа, жараңдар, жараңдар!

Мұнда біз бар

Көңілің бар алаңдар.

Тыңдамағандарыңыз, тыңдаңыздар.

Ата менен анаң бар

Наурыз тойы басталды,

Наурыз тойы басталды

Бір орында тұрмаңыздар.

Бәрің бері қараңдар.

Ата-аналар мен қонақтарды наурыз мерекесімен құттықтау интернат тәрбиешісі Токпанбетоваға беріледі. Концерттік бағдарламаны бастамас бұрын оқушылардың аузынан Наурыз мерекесінің қалай тойланатыны туралы сұрайық:

1-оқушы: Жаңа жылда Қызыр баба үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады деген сеніммен Наурызға дейін адамдар үйін қағып-сілкіп, тазартып қоятын болған.

2-оқушы: Ел арасында 21 наурыз түні даланы Қызыр баба аралайды деген аңыз бар. Осыған сенген халық дәулет дарып, бақ қонсын деген мақсатпен есіктерін ашып қояды.

3- оқушы: Бұл күні ауыл бойжеткендері өздері ұнатқан жігіттеріне соғымның етінен пісірілген «Ұйқышар» деп аталатын дәм дайындаған. Ал жігіттер қыздарға айна, тарақ, иіссудан тұратын сыйлықтар сыйлаған. Оны «Селтеткізер», «Діреткізер» деп атаған.

4-оқушы: Наурыз мейрамы негізінен адамдардың көрісуінен басталады. Жігіттер төңіректегі бұлақтардың көзін ашып, бұлақ басына тал еккен. Жаңа шыққа күнге иіліп сәлем берген. Ренжіскен ағайындар татуласқан.

5-оқушы: Ұлыстың ұлы күні кем дегенде жеті түрлі дәмнен тұратын Наурыз көже дайындалады. Наурыз көжеге соғымнан қалған сүр ет, қойдың басы, қатық, сүт, бидай, тұз, су қосылады.

Ұлы халқым есептескен

Ұлыс береке берсін.

Ата салтын ешкім теппеген, аттап кетпеген

Пәле-жала жерге енсін.

Мың пәледен құтқарады бір бата

Қайғы-уайым жоқ болсын.

Адам болмас бата естіп өспеген.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Ұлы күнде, халайық,

1-оқушы:

Қалай қарап қалайық

Наурызым – салтым, жоғалып қайта табылған

Сәйгүліктей ағайық

Шырағым болып алдымнан бүгін жағылған.

Жасын болып жанайық!

Бабамның үні ақ бата беріп жеткізген

Ортамызға атамызды шақырып

Әр қадамыңнан жаныма мейірім табылған.

Ақ батасын алайық!(Ортаға бата беру үшін Дархан

2-оқушы:

әкені шақырамыз).

Қыс өтіп, қар еріп,

Ұлыс бақты болсын.

Құлпыра көктем жетіп

Әр күніміз жақсы болсын

Шаруаның кенелген

Достығымыз берік болсын.

Мейрамы ежелден

Ұлыс оң болсын

Құтты болсын, бұл Наурыз!

Ақ мол болсын.

Жүргізуші:

Қайда барсаң, жол болсын.

Армысыз, әлемнің алтын шырағы

Ұлыс бақты болсын

Күн Ана! Қош келдіңіз!

Төрт түлік ақты болсын!

Төрге шығыңыз.

Күн Ана: – О, қасиетті Жер-Ана! Адамзат үшін саған басымды иемін. Мен сенің табиғат байлығыңа енетін тау-тасыңнан, жан-жануарыңнан бастап адамдарыңа дейін қуаныш-нұрын сеуіп, әр жүрекке шат-күлкі сыйлап, сіз үшін өзімнің гүл көктемімді, Ару көктемімді шақырғалы тұрмын.

Жүргізуші: Бүгін ұлыстың ұлы күні! Ата-бабаларымыздың сөзімен айтсақ ақ түйенің қарны жарылған күн– Наурыз.

Салтанатты Наурызды ортаға шақырайық.

Наурыз келсе, құт келгені, халайық!

Шашу шашу – Жадыра ана.

Есік ашып, шашу шашып

Ел болып қарсы алайық!

Күн – Ана:

Зарыға күткен. Жаңа жылым да келді-ау!
 Жаңа жылым жарылқа, ескі жылым, есірке,
 Ұрпағымды аман ет!
 Жамандық әрі кет, әрі кет! (алыстайды)
 Ару көктемім, келе ғой!

Наурыз – көктем:

Сәлем анам – алтын күн!
 Нұр шуағы халқымның
 Ашық болсын аспаның,
 Аман болсын жас-нәрің!
 О, халайық! Жараңдар!
 Қане, бері қараңдар!
 Мешін жылы баршаңды
 Кенелтсін зор бақытқа
 Білмеңдер бір шаршауды
 Бөлеңіздер шаттыққа.

Ән: «Наурыз біздің жаңа жыл».

Көрініс: «Бесікке салу».

3-оқушы: Көктем тойы – әнніміз,

Көркем өнер сәніміз
 Өлең-әнмен той сәнін
 Өрнектейміз бәріміз.
 Жарқыраған жас нұрлы,
 Жаса, наурыз, дәстүрлі.

Наурыз – көктем:

Жайнатамын бар гүлді.
 Сайратамын бұлбұлды –
 Төгілтіп ән-жырымды
 Мейрам етем бұл күнді.

Би: «Гүлдер».

4-оқушы: Наурызда күлімдеп

Күн нұры төгілді
 Өзгеше бүгін леп
 Желпітер көңілді.

5-оқушы:

Наурызды халқымыз
 Жыл басы санайды.

Жеті түрлі ас салды. (Ортаға әже шығып Наурыз көже әкеледі).

Әже: Ашық болсын қас қабақ,

Таспен атқанды аспен ат
 Бейтаныс та, таныс та
 Бүгін төрде бас қонақ
 Арпа, бидай, тары бар
 Қатық, малта тағы бар
 Ішілетін, жейтінің
 Бұл көжеде бәрі бар

10-оқушы: Күн мен түн теңелді

Жер шуаққа кенелді
 Соны тойлар ел енді
 Наурыз тойы салтымыз,
 «Көгерсін» деп халқымыз
 Көшеге тал егеді.

Әже: Ау, аталар, аналар!

Айналайын балалар!
 Жеп-ішсін деп тамсанып
 Жеті түрлі дәм салып
 Наурыз көже пісірдім

Көнермес салтымыз

Көктемдей арайлы.

Көрініс: «Тұсау кесер»

6-оқушы: Әнім де саған, білім де,

Құт қонақ өзің үйім де
 Қуаныш сыйлап еліме
 Күлімде, Наурыз, күлімде
 Наурыз жылы мешін жылы,
 Құтты болсын халайық
 Ұлыстың ұлы күні
 Шырқап әнге салайық.

Ән: «Бақытты балалық шақ».

7-оқушы: Наурыз – гүл көктем

Сәнді еді арайлы
 Күлімдеп күн көктем
 Нұр шашып қарайды.
 Бусанып жерім бай
 Төсінде қалқып ән
 Наурыз көңілді ән
 Шаттығы шалқыған.

Жүргізуші: Халқының әдеп-салтына

Ойлана қарап түйін түй.
 Шаттығын сыйлап жалпыға
 Жалғаса берсін ән-күй, би!

Би: «Жорға».

8-оқушы: Өніп еккен дәніміз.

Бүршік жарды бағымыз.

Сәскеде – жаз

Түнде – қыс

Секілді екен наурыз.

Төлдеп жатыр малымыз

Қазан толы сары уыз.

9-оқушы: Наурыз тойын әдемі

Әжем еске түсірді

Біздерге арнап әдейі

Наурыз көже пісірді.

Ашылды да кебеже

Дәм әзірлеу басталды.

Әжем наурыз көжеге

Құйдым алтын табаққа

Құлшынындар тамаққа

Бұл көжеден татыңдар

Бар қызыққа батыңдар.

11-оқушы:

Ұлыс күні қазан толсаа

Ол жылы ақ мол болар

Ұлы кісіден бата алса

Сонда олжалы жол болар

Ән: «Біз – өмірдің гүліміз».

Жүргізуші:

Ән қосылсын сәніңе!

Ырысты боп жаңа жыл!

Бақ дарысын бәріңе!

Ой қосылып ойыңа

Бас қосылып бойыңа

Аман-есен жетейік

Келер Наурыз тойына.

(Кеш соңында ата-аналар дайындап келген наурыз көже таратылады)

Тақырыбы: «Тапқыр болсаң, тауып көр» интеллектуалдық сайыс

Мақсаты: 1. Оқушылардың алған білімдерін тереңдету, Өткен тақырыптар бойынша білімдерін пысықтау

2. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, шығармашылық өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін арттыру ,

Логикалық ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту

3. Ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеу, ізденімпаздыққа баулу, ұтқыр ойға ұтымды жауап беруге дағдыландыру

Сабақтың әдісі: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрнекілік.

Көрнекілік: суреттер, сызбалар, қанатты сөздер, логикалық есептер.

Сабақтың түрі: топтық жұмыс, бастауыш сынып

Жоспар :

1. Оқушыларды топқа бөлу

2. Топ басшысын сайлау

3. Әділқазы алқасын сайлау

4. Әр топқа тапсырмалар беру

5. Қорытындылау

1 топ «Алғырлар» тобы 2 топ «Білгірлер» тобы 3 топ «Тапқырлар» тобы

Жүргізілетін жұмыс түрлерімен таныстыру.

«Тапқыр болсаң, тауып көр.» сайыс

I-тур : « Кім жүйрік » II-тур: « Ойлан, тап!» III-тур : « Кім жылдам ?»

IV-тур : « Сен білесіңбе?» V- тур: « Шебер қол» VI-тур: « Қас –қағым сәт»

«Логикалық тапсырмалар

Білген сайын келеді біле бергім,

Біле беру емес пе тілегі елдің.

Бүгін осы сайыста жеңіске жет.

Білімді, әрі білікті жас жеткіншек.

I-тур « Кім жүйрік »

Топ басшысына арналған сұрақтар

1 топ:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. (қазақ тілі)

2. Қ.Р. балютасы (теңге 15.11.1993 ж)

3. Түйе атасы кім? (Ойсылқара)

4. Күйді орындаушы адам (күйші)

5. Заттың атын білдіретін сөз табы (зат есім)

6. Суретші ата? (Ә. Қастеев)

2топ

1. Әліппенің атасы кім? (Ахмет Байтұрсынов)

2. Жаңа әнұранның сөзін кім жазған?(Ж.Нажмиденов, Н.Назарбаев)

3..Қ.Р. тұңғыш ғарышкері кім? (Т.Аубакиров)

4.. Көру мүшесі не?

5. Заттың қимылын білдіретін сөзтабы? (етістік)

6. Тіктөртбұрыштың ауданын қалай табамыз?(Енін ұзындығына көбейтеміз)

3топ

1. Өзін-өзі тану оқулығының авторы кім? (Сара Назарбаева)

2. Биыл Абай Құнанбайұлының неше жылдығын атап өтіп жатырмыз? (175)

3. Орман дәрігері? (тоқылдақ)

4. Жаңа әнұранның әнін жазған кім? (Ш.Қалдаяқов)

5. Қ.Р. тәуелсіздігі қашан жарияланды? (16.12.1991)

6. Ғарышқа ең алғаш ұшқан адам? (Юрий Гагарин)

II Тур «Ойлан, тап!» «Айшықты сөздер» Бұл тапсырмада бірнеше тұрақты сөзтіркестері беріледі. Бұл

сөздермен ана тілі пәнінен және өзін-өзі тану пәнінен таныссыңдар. Әр топқа 3 сөзтіркесі беріледі.

Ойланып, мағынасын айтуларың керек.

1.Қабағынан қаржауды (ашуланды)

2.Бетінен оты шықты (ұялу)

3.Итөлген жер (алыс)

1.Төбе шашы тік тұрды (қорықты)

2.Көзді ашып-жұмғанша (тез, лезде)

3.Таяқ сілтем жер (жақын)

1.Төбесі көкке жетті (қуанды)

2.Ине шаншар жер жоқ (бос жер жоқ)

3.Қой аузынан шөп алмас (жуас)

III-тур « Кім жылдам ? » Мақалды жалғастыр.

1-топ

- 1.Тіл тасжарады,
тасжармаса... (бас жарады)
- 2.Бал тамған тілден..(у тамады)
- 3.Тауды,тасты желбұзар,адамзатты ..(сөзбұзар)
- 4.Жақсы сөз-.. (жары мырыс)
- 5.Шебердің қолы ортақ,шешенің... (тіліортақ)

2-топ

- 1.Өнер алды -...(қызылтіл)
- 2.Айтылған сөз-...(атылған оқ)
- 3.Жылы-жылы сөйлесең,жылан... (інінен шығар)
- 4.Басқа пәле...(тілден)
- 5.Тілге құрмет-...(елгеқұрмет)

3-топ

- 1.Өз үйім...(өлең төсегім)
- 2.Бағыр туса ел ырысы,..(Жаңбыр жауса жер ырысы)
- 3.Асыл тастан шығады,..(Өнер жастан шығады)
- 4.Ғылым теңіз,..(білім кеме)
- 5.Оқу инемен.....(құдық қазғандай)

IV-тур « Сен білесіңбе?»Жұмбақты шешіп, үш тілге аудару.

1. Әттең, даусым тілім жоқ,
Құшағымда білім көп.(кітап-книга-book)
2. Бірін-бірі қоштаған, Бір үйден көрдім,
Қырық екідос-жаран.(әріп-буква-letter)
3. Қалқиып екі құлағы,
Елеңдеп, қорқып тұрады. (қоян-заяц-rabbit)
4. Жұқа тақтай бөлшегі
Ұзындықтың өлшемі. (сызғыш-линейка-ruler)
5. Жолбарыстан аумайды,
Тышқандарды аулайды.(мысық-кошка-cat)
6. Бұлаңдаған құйрығы,
Бір алдарлық қулығы.(түлкі-лиса-fox)
7. Қоймасын қыс ақтарып,
Жерді жапты ақ мамық.(қар-снег-snow)
8. Жеп көріп ем өзім мен,
Жас шығарды көзімнен.(пияз-лук-onion)
9. Қолыменен қаламы жоқ,
Бірақ сурет салады.(аяз-мороз-frost)

V-тур «Шебер қол»

Тапсырма 3 топқа бірдей. "Келе жатқан 8-наурыз аналар мерекесіне сыйлық жасау"

VI-тур « Қас-қағым сәт»

Білім шыңына шығу үшін сұрақтарға жауап береміз.

- 1.Ағашта 9 құс қонып отыр. Аңшы 1құсты атып түсірді. Ағашта неше құсқалды?
2. 1аяқпен тұрған қораздың массасы 5кг. 2 аяқпен тұрса массасы қанша болады?
3. 1метрде неше см бар.?
4. 1тоннада неше кг бар?
- 5.Алманың жартысы неге ұқсас.
- 7.1кг мақта ауырма, 1кг темір ауырма?
8. Кез-келген санды 0-ге көбейткенде не шығады.
Қорытынды. Жеңімпаз топты анықтау. Дипломдармен мадақтау.
Тауды биік деме сен,
Талаптансаң шығарсың,
Қарсылас мықты деме сен,
Білімді болсаң шығарсың- дей келе сайысымызды аяқтаймыз.

* * * * *

Сабақтың тақырыбы: Өсімдіктер қалай өседі?

Сабақтың мақсаты: Табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттіліктегі мен өсіп дамуының байланысын балаларға түсіндіріп бекіту. Тәжірбиелік жұмыстар арқылы балалардың табиғатқа деген көзқарасын кеңейту. Экологиялық тәрбие беру.

Көрнекілік: Гүлдер, трек схемалары, өсімдіктердің суреттері, дәндер, сұйық май, бауырсақ.

Технология: Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Әдіс – тәсілдер: Сұрақ – жауап, тәжірбиелік жұмыстар және ойын.

Қостілдік компонент. Гүлдер- цветы

Күнбағыс – подсолнух Растение – өсімдіктер.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық қозғаушы күш	Шаттық шеңбері Балалар жиналды бір топқа Сен менің, мен сенің досыңмын Кәне қолды бер досым Бірге ойнайық қуана.	Балалар бір – бірімен дос болады
Релаксация	Балалардың қолдарына бір гүлден беріп, бір біріне тілек айту арқылы бір шоқ гүлді жинау	Балалар бір – біріне тілек айту арқылы көңілденеді
Ұйымдастыру кезеңі	1.Балалар бір біріміздің көңілімізді көтердік , ал енді айта қойыңдаршы қазір қай жыл мезгілі? 2.Күз айларын атаңдар 3.Күз айларының ерекшеліктері 4.Күз туралы кім өлең тақпақ біледі	Балалар жауабы Күз Қыркүйек, қазан, қараша Суретпен жұмыс Балалар жауабы.
Жаңа сабақ	Есікті тақылдатып Буратино көңілсіз болып келеді, қолында жасанды гүл және күнбағыс бар. Тәрбиеші: Балалар мынау кім? Буратино сен неге көңілсізсің, саған не болды	Балалар таң қалады. Буратино
Әңгімелесу және сұрақ - жауап	Буратино: Мен кішкентай балаларға жақсы бір іс жасайын деп едім , қолымнан келмеді, топтарына әдемі, сәнді, таза ауа болсын деп гүл сыйлаған едім. Ол топтың тәрбиешісі маған: Буратино саған көп рахмет сен бұл жасаны гүлдерді қай дүкенен алдың деді. Мен таң қалып тұрмын, неге жасанды, олардың жапырақтары жасыл, сабағы да жасыл, гүлі қызыл. Жоқ мен әкелген гүлдер тірі, тәрбиешіні түсінбедім	Балаларда аяушылық сезім оянады
Негізгі бөлім	Тәрбиеші: Балалар Буратино бір нәрсені түсінбей тұр екен кәне түсіндірейік. Гүлдер дегеніміз орысша - цветы Бұл жасанды гүлдердің тірі гүлдерден қандай айырмашылығы бар? Жасанды гүлдер не? Тірі гүлдер дегеніміз не? Тәрбиеші: Кәне балалар Буратиноға тұқым дегеніміз не , ол не үшін керек? Тәрбиеші: Кәне ненің тұқымдарын білесіңдер? Буратино: Жоқ мен сенбеймін мына кішкене жанғақты қорапқа салып орамалмен жауып, тибиду- тибиду дух – емен өс десем мынандай ағаш өседі ме? Мен сенбеймін. Тәрбиеші: Жоқ Буратино саған бұл жерде сыйқырлы сөздер көмектеспейді, бұл жерде білім мен еңбек керек кәне менің балаларым саған мына тірек схема арқылы түсіндіріп береді	Балалар жауап береді Жасанды гүлдерді біз ойнағанда , үйімізді сәндеу үшін қолданамыз. Ондай гүлдер біздің топтада бар. Тірі гүлдер өседі, олардың тамырлары болады, суғарамыз, өскен сайын өзгереді, тұқымдары шығады, гүлі болады. Тұқым өсімдіктер ді өсіру үшін керек. Балалардың әрекеті . Мынау асқабақ тұқымы одан асқабақ шығады (Асқабақ суретін көрсету) Т.б Балалардың іс – әрекеті
Тәжірбиелік жұмыс	Тәрбиеші: Түсіндің бе Буратино? Түсіндім, түсіндім ал жарайды мынау менің күнбағысым қалай? Ия бұл күнбағысыңда жасанды, ал тірі күнбағыстан не шығатынын менің балаларым саған көрсетеді, күнбағыстың балалар орысшасы - подсолнух Буратино: Мен енді түіндім, тірі өсімдіктерге біз қамқорлық жасауымыз керек екенғой балалар Тәрбиеші: Иә, Буратино, егер көп күбағыстың тұқымын	Балалар тәжірбие жұмысын жасайды Дайын дәнді үгітіп қағаз бетіне салып, жартылай бүктеп қысады, май шыққанын байқайды

	сықсақ мынандай сұйық май шығады, одан біз бауырсақ пісіреміз ал сенің күнбағысыңнан не шығады	
Рефлексивті түзету Ойын : «Жоғары-төмен»	Балалар ,мен қазір жерде өсетін жемістерді айтқанда қолдарыңды көтересіңдер, талда өсетін жидектерді айтқанда қолдарыңды төмен түсіресіңдер Буратино қоштасып рахмет айтып кетеді	Балалар ойын ойнайды Балалар қоштасады

Күтілетін нәтижие:

Білу: Тірі өсімдіктер әлемі туралы білу

Игеру: Тірі өсімдіктердің даму жолдарын игеру

Меңгеру: Тірі өсімдік пен жасанды өсімдіктерді ажырата білуді меңгеру.

* * * * *

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ұзынарық ауылы, «Береке» бөбекжайының тәрбиешісі Абилдаева Қарлығаш Алимхановна

Білім саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы: Үй жануарлары.

Мақсаты: Балаларға үй жануарлары жайында түсінік беру.

Үй жануарларының адам өміріне пайдасын, тұрмысқа қажеттілігін түсіндіру. Сұрақ-жауап арқылы тіл байлықтарын дамыту. Үй жануарларынан төрт түлік малдың төлдерін ажыратып, дыбысталуын дұрыс айтуға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрату арқылы ақыл-ойларын дамыту.

Қажетті көрнекі құралдар:

Үй жануарларының суреттері, жайлау бейнесі жасалған бұрын үй жануарларынан алынатын өнімдер: сүт, құрт, май, айран, ет, қазы, жүннен, теріден тоқылған, тігілген бұйымдар.

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар. Үй жануарлары туралы әңгімелесу, сұрақ қою, жауап алу

Оқу қызметі	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Күннің көзі ашылып Көкке шуақ шашылсын. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал қанекей бәріміз, "Сәлем" дейік үлкенге	Педагогпен бірге өлең жолдарына қимыл-қозғалыстар жасайды.
	Балалар бүгін оқу қызметінде үй жануарларымен танысатын боламыз. <i>Үй жануарлары жайлы түсіндіру.</i> Үй жануарлары қолға үйретілген жануарлардың түрі. Сондықтан кейде бұларды қолға үйретілген жануарлар деп атайды. Олар: Сыйр, түйе, жылқы, қой, ешкі, есек, мысық, ит, құстардан үйрек, қаз, тауық. Мал өсірсең түйе өсір. Олардың еті, сүті бізге тамақ, ал жүні, терісі киім. Естеріңе түсіріңдерші малдың төлдерін не деп атаймыз? Балалар енді менің қолымдағы суретке қарай отырып, әңгіме құрастырып көрейікші.	Үй жануарларың адамдар күтіп баптайды. Лақ, қозы, бота, құлыншақ Ал мынау ешкі, оның төлің лақ деп атаймыз.

Дидактикалық ойын.

"Енесін тап" ойынын ойнап жіберейікші.

Мен сендердің қолдарына төлдердің суреттерін беремін. Бұл төлдердер мамаларын таба алмай қалыпты, енді сендер сол төлдердің мамаларын қайдан көріп тұрсыңдар. Ендеше төлдерін мамаларына қасына апарып жайғайық.

Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық Алақанды созайық. Оңға қарай иіліп,	Сергіту сәті 4 педагогпен бірге қайталайды
---	---

<p>Солға қарай иіліп. Белімізді жазайық, Айналаға қарайық, Бір тынығып алайық. Балалар, сендер үй жануарлары жайында тақпақ, мақал-мәтелдер білесіңдер ме? Ұлжан: Мал өсірсең түйе өсір, Пайдасы оның көл-көсір. Түйе көп болса, жүк сый майды. Жылқы-малдың патшасы Түйе-малдың қасқасы.</p>	
<p>Жұмбақ жасыру 1. Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар 2. Басында екі таяғы бар, Төрт аяғы бар. 3. Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар 4. Төрт бұлағы-сүт, Өзі күшті мүйізі мықты 5. Жол үстінде қу қазық, Жүр ішінде жолазық, Жарайсындар балалар Енді балалар мына тақтадағы суреттерге қарандаршы. Ненің суретін көріп отырмыз? Осы жануарларды қалай шақырады екенбіз, кім айтады? Тақпақтар айту</p>	<p>.(Қозы) Лақ). (Түйе). (Сыыр) (Қоян) 1. Сиырды-аухау-аухау. 2. Түйені-көс-көс. 3. Жылқыны-қырау-қырау. 4. Ешкі-шөре-шөре деп шақырамыз. Балалар тақпақ оқиды</p>
<p>Енді балалар осы жануарлардың төлдерін қалай атайды екенбіз кім айтады? 1. Сиырдың баласын-бұзау. 2. Түйенің баласын-бота. 3. Жылқының баласын-құлын. 4. Қойдың баласын-қозы. 5. Ешкінің баласын-лақ дейміз. "Дәмін"-тауып көрші? Ойын. Үстел үстіндегі үй жануарларынан алатың өнімдердің дәмің татып ажыратады. (Айран, сүт, май, құрт, ет т.б.) Қорытыңды: Қандай үй жануарларын білесіңдер? Малдардың төлдерін қалай атаймыз? Жарайсындар балалар, бүгінгі оқу қызметіне өте жақсы қатыстындар, мен сендерге ризамын.</p>	<p>Ойын ойнайды. Қой, сиыр, ешкі, түйе, жылқы. Бота, қошақан, құлыншақ, лақ, бұзау.</p>

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ұзынарық ауылы
«Береке» бөбекжайының тәрбиешісі Такишева Назира Турдыбаевна

Білім саласы: Коммуникация

Оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: Отбасындағы сыйластық

Мақсаты: Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Әдістер: Әңгімелеу, жұмбақ, тақпақ айту, ойын, сұрақ - жауап, сергіту, шаттық шеңбері.

Көрнекіліктер: отбасы суреттері, қуыршақтың киімдері, макеті.

Сабақтың барысы:

Шаттық шеңбері:

Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар.

Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер.

Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй болып көрінер.

- Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық?

- Ал, киіз үйде кімдер тұрады?

- Оларды бір сөзбен қалай атаймыз?

- Дұрыс айтасыңдар.

Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз туралы болмақ.

Балалар, айналамызға қарасақ, көптеген үйлерді көреміз.

Ол үйлерде кімдер тұрады деп ойлайсыңдар?

- Иә, балалар, барлық үйдің өз отбасы болады олар бір - бірімен тату - тәтті тұрады.

- Қане, балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көрейік.

Жұмбақ: Онсыз қызық жоқ маған, Онсыз бақыт жоқ маған.

Ол әр баланың панасы, Ол не екен, балалар? (Отбасы)

- Міне балалар, бұл жұмбақтың шешуі отбасы екен

- Олай болса бәріміз тақтаға назар аударайықшы.

Бұл суретте кімдердің суретін көріп тұрсыңдар?

- Иә, бұл суретте сүйіспеншілігі мол, бір - біріне ыстық ықыласпен, аялы сезіммен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырмыз. Отбасы туралы әңгімелеу.

Ойын: "Мынау кім?"

Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, есте сақтау қабілетін дамытуға баулу.

Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін табу.

Сергіту жаттығуы:

Атамның алып күрегін, Ауланың қарын күредім.

Әжеме мен құдықтан, Су әкеліп беремін.

Еденді де жуамын, Шаң - тозаңды қуамын.

Ойын сұрақ: "Көңілді доп"

- Отбасы мүшесін ата.

- Отбасында кімді жақсы көресің?

- Отбасында кімге сыйлық жасайсың?

- Анаңа қалай көмектесесің?

- Үйге қонақ келгенді ұнатасың ба?

- Дастархан басында өзіңді қалай ұстайсың?

- Үйдегі ініңе, қарындасыңа қалай көмектесесің?

- Жарайсыңдар, балалар, өте жақсы.

Олай болса бүгінгі сабаққа жаттап келген тақпақтарымызды айтайықшы.

Хормен:

Атамнан басталар,

Әжемнен қосталар

Отбасым мыналар:

Ең жақын адамдар-

Әкем мен анам бар,

Бір туған ағам бар,

Бір туған апам бар...

Бәрін жақсы көремін,

Еркелеймін, еремін!

Әділжан:

Титтей бөбек кезімнен

Әлдилеген емізген,

Еркелетіп күлгізген,

Алғаш «апа» дегізген.

Мөлдір:

Кішкентайы-мен үшін

Тағат, байыз таппайтын,

Үстел үсті ойыны: "Қуыршақты киіндіреміз"

Мақсаты: балаларды адамгершілікке, сыйластыққа, мейірімділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Шарты: қатты қағаздан қиылған қуыршақ макетін киім үлгісімен киіндіру.

Балалардың жұмысын мадақтау.

- Балалар, қуыршаққа өте жақсы киімдерін киіндіре білдіңіздер, адамгершілік, мейірімділік қасиеттеріңізді көрсете білдіңіздер. - Өте жақсы балалар.

Қорытынды: Біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат отбасымыз туралы әңгімеледік. Біз оларды жақсы көруді, сыйлауды, көмектесуді үйрендік. Отбасы ең жақын адамдардың ошағы екенін білдік. Ойындар ойнадық. Бүгінгі сабаққа өте жақсы қатысып, сұрақтарға жауап бере білдіңдер. Бәріміз бірге отбасымызға тілек сөздер айтып, бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз!

* * * * *

ТАҚЫРЫБЫ: Мекені – жер. Е дыбысы мен әрпі		Мектебі: Ә.Молдағұлова атындағы ІІІ Ж Н орта мектеп
Саны:	Педагогтің аты-жөні: Камбулатова Жазира Макулбековна	
СЫНЫП-ТОП: мектепалды даярлық тобы	Қатысқандар саны:	
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	0.2.1.1. Сөз/сөйлем сызбасын оқу. 0.2.1.2. Суретті кітаптардан ақпаратты табу (сурет арқылы) 0.3.1.1. Сөз, сөйлем сызбасын құру. 0.3.2.1. Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі. 0.3.3.1. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	
Күтілетін нәтиже	<p>• Барлық тәрбиеленушілер: Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтарады. Сөздегі дауысты, дауыссыз, дыбыстарды ажыратады. Е дыбысы – дауысты дыбыс. Е дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды. Суреттегі заттардың аттарын атай алады, сөздегі е дыбысының орнын ажыратады. Ұйқас сөздерді табады.</p> <p>Көпшілік тәрбиеленушілер: Сұраққа жауап бере отырып, суретті мазмұндайды. Берілген суретке қарап, сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Сөздегі дыбыс санын, ондағы е дыбысының орнын ажыратады. Е дыбысына сөз ойлайды. Е дыбысына (дауысты) сөз құрайды. Дауысты дыбыстардың санын анықтайды.</p> <p>Кейбір тәрбиеленушілер:</p>	
	Сюжетті суреттен таныс ақпаратты табады. Тақырып аясында диалогке қатысады. Сөз/сөйлем сызбасын оқиды. Е дыбысын қатыстырып, сөз, сөйлем құрастырады. Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қояды: (нүкте, сұрақ белгісі, леп	
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: Сұрақтарға толық жауап береді. Суреттер бойынша сөйлем құрастырады. Е әрпін жазып, қолдарын жаттықтырады.	
Өткен ҰОҚ алған білім	Пікір алмасу сұрақтары: Сөздер неге бөлінеді? Сөздерді буынға бөл. Сөздер қай дыбыстан басталып тұр? Дыбыстар қандай түстермен белгіленеді? Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жұмыс түрлері	
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2мин. II. Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам.	Оқу қызметіне балалардың назарын тарту үшін педагог жағымды атмосфера құрады. Балалар бір-бірлеріне жылы сөздер айтады. Мына сұлу әлемде Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. Балаларға әртүрлі дыбыстар тыңдап, ненің дыбысына ұқсайтынын табады. Дыбыстарды балалар ым-ишарамен қайталайды.	
ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27мин.	(Ұ,Ө) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Сурет желісімен педагог балаларға сұрақ қояды. Сұраққа жауап беріп, әңгімелейді. Е әрпі кездесетін жануарларды атайды. Осылардың ішіндегі өз өлкесінде тіршілік ететін жануарларды табу. 2-тапсырма. Суда тіршілік ететін	

	<p>жануарларды сурет бойынша ажыратады.</p> <p>Е дыбысы кездесетін жануардың атын қайталап, сөздерді буынға бөледі.</p> <p>Е – дауысты дыбыс. Е дыбысын айтқанда дауысымыз жіңішкеріп естіледі, дыбыс ерін арқылы айтылады.</p> <p>(Ұ) <i>Sergitu сәті.</i></p> <p>Педагог балаларды орындарынан тұрғызып, өлең жолдарын қимылмен 2-3 рет айтқызады.</p> <p>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі.</p> <p>3-тапсырма</p> <p>Педагог өлең жолдарын оқиды. Өлеңде айтылған жануардың атын қайталайды, сол сөзге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Е әрпінің бейнесін түсті қағаздармен құрастырады.</p> <p>4-тапсырма. Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. Е әрпі туралы өлеңді тыңдайды.</p> <p>Е әрпінің қандай затқа ұқсайтынын айтады.</p> <p>5-тапсырма. Е әрпін түрлі заттардан құрастырып жасайды.</p> <p>6-тапсырма. Мектеп жобасының сызбасын бастырып сызады.</p> <p>Оның қай әріпке ұқсайтынын айтады.</p> <p>Е әрпінің баспа түрін жазады.</p>	<p>Үнтаспа.</p> <p>Қызыл, көк дөңгелектер.</p> <p>Е әрпі жазылған плакат.</p> <p>Моншақ т.б.</p> <p>Әліппе-дәптер.</p>
<p>IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексия.</p>	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балалардың оқу қызметіне белсенділіктері мен қатынасуын талқылайды.</p> <p>(Ұ,Ө)Рефлексивтік бағалау. Балалардың жұмыстарын смайликтер арқылы бағалайды.</p>	<p>Әліппе-дәптер</p>

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ә.Молдағұлова атындағы ШЖНОМ шағын орталық тәрбиешісі Оралбаева Гүлнар Жарқынбекқызы

«Ертегіде қонақта» атты спорттық мерекесі

Мақсаты:

1. Балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту.
2. Көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту.
3. Сенімді қатынастарды нығайтуға бағыттау.
4. Баланың спортқа ұмтылысын, қызығушылығын қолдау.

Құралдар: себеттер, кеглдер, шығыршықтар, арқан.

Өткізілетін орын: Спорттық зал.

Сайыстың барысы.

Музыканың әуенімен балалар спорт залға кіреді, екі қатарға тұрады.

Жаттықтырушы: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар мен жарысқа қатысушылар!

Балалар, сендер ертегіні ұнатасыңдар ма? Ертегіні қалай ұнататындарыңды тексеріп көрейін.

Атам оны өсірді,

Тату-тәтті тұрыпты.

Баптап, күтіп әрқашан.

Бұл қай ертегі? («Үйшік» ертегісі.)

Жұла алмай қалды бір күні,

Апам оны пісіріп, терезеге қойыпты.

Апамды да шақырды,

Жата-жата жалығып, орманға кетіп қалыпты.

Мысық, күшік бәрі кеп,

Қасқыр оған жеймін деп,

Жұлып алды жабылып.

Аю да оған жеймін деп.

Бұл қай ертегі? («Шалқан» ертегісі.)

Өлең айтып, би билеп,

Орманда ол болыпты,

Түлкі де тұр күлімдеп.

Ішіне аңдар толыпты.

Бұл қай ертегі? («Бауырсақ» ертегісі.)

Бәрі бірге дос болып,

Жаттықтырушы: Ендеше балалар сайысымызды бастамас бұрын, кішкене денемізді қызыдырып алайық.

Ұйымдастырушылық кезеңі. (Шеңбер бойымен жүріп, қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүреді. Қолды белге қойып, өкшемен жүреді. Жай бір қалыпты жүріс, қолды алға созып, тізені көтеріп жүру. Қолды артқа қойып, өкшемізді қолымызға тигіземіз.)

Жаттықтырушы: Денемізді қыздырып алсақ, сайысымызды бастайық. Екі команда өз орындарына жайғассын.

I кезең: Таныстыру. Әр топтың ұрандары.

II кезең: «Кім тездетіп, басына бас киімін киеді».

Белгі бойынша ойыншылар кедергілер арқылы кәрзеңкеге қарай жүгіреді және бастарына бір бас киімнен киеді, сосын кейін қарай жүгіреді. Кәрзеңкені тез босатқан топ, ұтысқа ие болады!

III кезең: «Қаппен секіру» Кеглилердің арасымен қапшықпен секіріп өту.

IV кезең: «Шаңғы тебу». Аяққа бөтелкелерді киіп, шаңғы тепкендей сырғанап жүру.

V кезең: «Кедергіден жылдам өт!»

Шығыршық арқылы кедергілер мен қапшықтан жасалған тоннелден жылдам өту керек.

VI кезең: «Арқан тартыс».

Жаттықтырушы: Ал балалар, қалай екен? Қазір демалып, «Үш торай» атты ертегісін тамашалаймыз (Үш торай жүгіріп келеді).

1-ші: Мен Ниф-Нифпін!

2-ші: Мен Нуф-Нуфпын!

3-ші: Мен Наф-Нафпын!

Қасқыр: Мен Қасқырмын. Тістерімді сықырлатып, үш торайды жеймін.

3-ші: Ей, Қасқыр, бізге тиіспеші. Біз сенің көңіліңді көтеріп, би билеп береміз.

Қасқыр: Ал билеңдер.

Жаттықтырушы: Балалар торайларға көмек берейікші, бір көңілді спорттық биіміз бар еді ғой, билеп берсек қайтеді.

Ұлдар «Спорт» биін билейді.

Қасқыр: Жарайды, таңғалдырдыңдар! Мен өз сөзімде тұрамын, торайларды босатамын.

Жаттықтырушы: Жарайсыңдар біздің ұлдар өнерлі.

Сайыстардың қорытындысы.



Әділ қазылардың сөздері.

Командаларды құттықтау.

Әуеннің ырғағымен командалар спорттық залдан шығады.

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ә.Молдағұлова атындағы ШЖНОМ
көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қайыпбекова Патшайым Абдрашқызы

Сабақтың тақырыбы: Матрицалармен таңба жасап үйренеміз		Мұғалімнің аты-жөні: Қайыпбекова П.	
